

ҚР резиденттерінің заңды тұлғалары және олардың жекелеген бөлімшелеріне (филиалдар және өкілдіктер) арналған құжаттар тізімі:

- 1) Қол үлгісі және мөр баспа-таңбасы бар құжат/қол үлгілері бар құжат (ары қарай –Үлгілері бар құжат) бір дана¹;
- 2) Заңды тұлғаның барлық тіркеу әрекеттері туралы анықтама;
 - филиалдар мен өкілдіктер үшін, берген күнге дейін 10 күнтізбелік күн бұрын берілген филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу туралы анықтама,
- 3) Барлық құрылтайшылар қол қойған типтік жарғы негізінде өз қызметін іске асыратын шаруашылық серіктестігінің/акционерлік қоғамның/өндірістік кооперативтің мемлекеттік тіркеу туралы Өтініші немесе барлық өзгертулері және толықтырулары бар Жарғы¹
- 4) Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінен үзінді-көшірме (біртұтас тіркеуші жүзеге асыратын қатысушылардың тізілімін жүргізетін акционерлік қоғамдар және шаруашылық серіктіктер үшін)²;
- 5) Заңды тұлғаның басшысы, үлгілері бар Құжаттарда көрсетілген тұлғалар бойынша:
 - тұлғаны куәландыратын құжаттар;
 - тұлғалардың өкілеттілігін растайтын құжаттар (бұйрық/протокол/шешім/сенімхат/құрылтайшы құжаттар);
 - қоғамдық және діни қауымдастықтардың филиалдары және өкілдіктері үшін – қоғамдық немесе діни қауымдастықтың жарғысымен және оның филиалы немесе өкілдіктері туралы ережемен қарастырылған тәртіпте сайланған (тағайындалған) қоғамдық немесе діни қауымдастық филиалының немесе өкілдік басшысының өкілеттілігін растайтын құжаттар²;
 - заңды тұлғалардың өзге формадағы филиалдары және өкілдіктері үшін – филиал немесе өкілдік басшысына заңды тұлға -Қазақстан Республикасы резиденті берген сенімхат;²
- 6) Құрылтайшылар жөніндегі құжаттар:
 - жеке тұлғаларға – заңды тұлға құрылтайшысының тұлғасын куәландыратын құжаттар;²
 - заңды тұлғаларға:
 - Қазақстан Республикасының резиденттері – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама, акционерлік қоғамдар үшін қосымша: бағалы қағазды ұстаушылардың тізілімі/бағалы қағазды ұстаушылар туралы тізілімнен үзінді-көшірме немесе акцияның 10 немесе одан да көп % иеленуші ұстаушылар туралы анықтама²;
 - Қазақстан Республикасының бейрезиденттері - заңды тұлға-бейрезидентті, тіркеу нөмірін, күнін және тіркеу орнын, қатысушылар/құрылтайшылар/акционерлер тіркеген орган туралы ақпаратты құрайтын құжат²;

Ескерту: «Бағалы қағаздың бірыңғай тіркеушісі» АҚ іске асыратын қатысушылардың тізілімін жүргізетін акционерлік қоғам құрылтайшыларының (қатысушылардың) құжаттарынан басқа;
- 7) Бенефициарлы иеленуші заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) болған және акционерлер (қатысушылар) тізілімінен үзінді-көшірме негізінде анықталған жағдайлардан басқа, заңды тұлғаның бенефициарлы иеленушілерінің тұлғасын куәландыратын құжаттар;²
- 8) мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін –бюджетті орындау жөніндегі орталық уәкілетті органның рұқсаты;²
- 9) Заңды тұлғаның орналасқан орны заңды тұлғаның атқарушы органының нақты орналасқан орнынан басқа жерде болған жағдайда, атқарушы органның нақты орналасқан орнының мекенжайы бойынша жылжымайтын мүлікті/үй-жайды иелігін немесе жалға алуын растайтын құжат (жылжымайтын мүлікті сату-сатып алу шарты, жылжымайтын мүлікті/үй-жайды жалға алу шарты).
- 10) бұқаралық және орта бизнес клиенттері үшін – клиентті алдын ала комплаенс-бағалау жөніндегі толтырылған сауалнама¹
- 11) Заңды тұлғаның Америка Құрама Штаттарымен байланысы болған жағдайда – заңды тұлғаны пассив немесе актив ұйымға жатқызу үшін Банктің үлгісі бойынша толтырылған сауалнама (клиентті тиісті тексеруден өткізу Ережесіне қосымша) ¹.

¹ Қол үлгісі(-лері) және мөр баспа-таңбасы құжатына енгізілген тұлғалар қолының түпнұсқалығы осы құжатқа енгізілген тұлғалардың жеке өзі болғанда Банктің уәкілетті тұлғасымен расталады, басқа жағдайларда қол үлгісі (-лері) және мөр баспа-таңбасы бар нотариалды куәландырылған құжат қабылдануы мүмкін.

Қол үлгісі (-лері) және мөр баспа-таңбасы бар құжаттарды, сондай-ақ банктік шот жөніндегі операцияларды іске асыру үшін клиент банкке жүгінгенде, банктік қызмет көрсету шартын жасасқан соң, қол үлгілері бар құжатқа сәйкес клиенттің банктік шотын жүргізумен байланысты (банктік шоттағы ақшаны жұмсау) операцияларды іске асырған жағдайда, төлем құжаттарына қою қоюға уәкілетті тұлғаларды куәландыратын құжаттардың көшірмесін ұсынуға болады.

² Көрсету үшін құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері немесе апостил қоюмен немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар белгілеген рұқсат етілген тәртіпте ұсынылуы тиіс. Толықтай шетел тілінде жасалған құжат мемлекеттік немесе орыс тіліне расталған тиісті аударма түрінде ұсынылады. Ұсынылатын құжаттар оларды ұсыну күніне жарамды болуы тиіс.

³ Сауалнамаға сәйкес клиент тәуекелдігін алдын-ала бағалау жүргізіледі. Егерде балдар санын бағалау нәтижесі бойынша 50 көрсеткішінен асып түссе, клиентке банктік шотты ашу комплаенс-бақылау бөлімшесімен келісу бойынша іске асырылады, ал 70 көрсеткішінен асып түссе, Банк клиентке банктік шот ашудан бас тартады.

Қазақстан Республикасы бейрезидент заңды тұлғалары және олардың жекелеген бөлімшелеріне (филиалдар мен өкілдіктер)

- 1) қол үлгілері бар құжаттар және мөр баспа-таңбасы (шыққан ел заңнамасының ерекшеліктері салдарынан мөр болмаған жағдайда, мөр баспа-таңбасын ұсыну қажет етілмейді) (1 дана)¹;
- 2) салық төлеуші ретінде бейрезидентті тіркеу туралы тіркеуші куәлік;
- 3) сауда тізілімінен үзінді-көшірме немесе соған ұқсас заңды тұлға-бейрезидентті тіркеген орган туралы ақпараттан тұратын берген күнге дейін 10 күнтізбелік күннен ерте берілген заңды тұлғаның және оның қатысушылары/құрылтайшылары/акционерлерінің тіркеуші нөмірі, күні және тіркеу орны, орналасқан мекенжайы туралы құжат²;
 - заңды тұлға-бейрезиденттің филиалдары және өкілдіктері үшін – есептік тіркеу (қайта тіркеу) өту фактісін растайтын заңды тұлға филиалының (өкілдіктің) есептік тіркеу туралы анықтамасы, тиісті филиал немесе өкілдік туралы Ереже;²
- 4) Бірінші басшы, сондай-ақ үлгілері бар құжатта көрсетілген тұлғаларға² :
 - Тұлғаларды куәландыратын құжаттар;
 - Тұлғалардың өкілеттілігін растайтын құжаттар;
 - филиалдар және өкілдіктер үшін – филиал немесе өкілдік басшысына заңды тұлға-Қазақстан Республикасының бейрезиденті берген сенімхат және филиал немесе өкілдік басшысының тұлғасын куәландыратын құжат²,
- 5) Құрылтайшылар жөніндегі құжаттар²:
 - жеке тұлғаларға - заңды тұлға құрылтайшыларының тұлғасын куәландыратын құжаттар
 - заңды тұлғаларға:
 - Қазақстан Республикасының резиденттері – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама, акционерлік қоғамдар үшін қосымша: бағалы қағазды ұстаушылардың тізілімі/бағалы қағазды ұстаушылар туралы тізілімнен үзінді-көшірме немесе акцияның 10 немесе одан да көп % иеленуші ұстаушылар туралы анықтама²;
 - Қазақстан Республикасының бейрезиденттері - заңды тұлға-бейрезидентті, тіркеу нөмірін, күнін және тіркеу орнын, қатысушылар/құрылтайшылар/акционерлер тіркеген орган туралы ақпаратты құрайтын құжат²;
- 6) *Бенефициарлы иеленуші заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) болған және акционерлер (қатысушылар) тізілімінен үзінді-көшірме негізінде анықталған жағдайлардан басқа, заңды тұлғаның бенефициарлы иеленушілерінің тұлғасын куәландыратын құжаттар²;*
- 7) рұқсат (клиенттің қызметі лицензиялау немесе Қазақстан Республикасының «Рұқсаттар және мәлімдемелер туралы» Заңына сәйкес рұқсат ісшарада іске асырылып жатса)²;
- 8) Банк белгілеген үлгі бойынша клиенттің Сауалнамасы;
- 9) Заңды тұлғаның орны заңды тұлғаның атқарушы органының нақты орнынан басқа жерде болған жағдайда, атқарушы органның нақты орналасқан орнының мекенжайы бойынша жылжымайтын мүлікті/үй-жайды иелігін немесе жалға алуын растайтын құжат (жылжымайтын мүлікті сату-сатып алу шарты, жылжымайтын мүлікті/үй-жайды жалға алу шарты).
- 10) бұқаралық және орта бизнес клиенттері үшін – клиентті алдын ала комплаенс-бағалау жөніндегі толтырылған сауалнама³
- 11) Заңды тұлғаның Америка Құрама Штаттарымен байланысы болған жағдайда – заңды тұлғаны пассив немесе актив ұйымға жатқызу үшін Банктің үлгісі бойынша толтырылған сауалнама (клиентті тиісті тексеруден өткізу Ережесіне қосымша)⁴.

Жеке кәсіпкерлер (резиденттер және бейрезиденттер), шаруа (ферма) қожалықтары, жеке нотариустер, жеке сот орындаушылары, адвокаттар және кәсіби медиаторлар-ҚР резиденттері үшін:

- 1) қол үлгілері бар құжат/қол үлгілері және мөр баспа-таңбасы бар құжат (1 дана)¹;
- 1) бейрезидентті салық төлеуші ретінде тіркеу туралы тіркеуші куәлік² (бейрезиденттер үшін);
- 2) клиенттің тұлғасын куәландыратын құжат;
- 3) қол үлгілері бар Құжатқа сәйкес, клиенттің ағымдағы шотын жүргізумен байланысты (ағымдағы шоттағы ақшаны жұмсау) операцияларды іске асырғанда төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғаны (тұлғаларды) куәландыратын құжат
- 4) Бірлескен кәсіпкерлік түріндегі қызметті іске асыратын ЖК бойынша – бірлескен кәсіпкерліктің барлық қатысушылары атынан қол қойылған бірлескен жеке кәсіпкерліктің¹ уәкілетті тұлғасына сенімхат.
- 5) адвокаттар үшін – адвокаттік қызметпен айналысу құқығы лицензиясының көшірмесі (адвокаттар үшін) немесе «Е-лицензиялау» мемлекеттік мәліметтер базасы арқылы алынған электронды лицензияның көшірмесі;
- 6) жеке сот орындаушылары үшін – атқарушы құжаттарды орындау жөніндегі қызметпен айналысу құқығы лицензиясының көшірмесі (жеке сот орындаушылары үшін) немесе «Е-лицензиялау» мемлекеттік мәліметтер базасы арқылы алынған электронды лицензияның көшірмесі;
- 7) жеке нотариус үшін – нотариалды қызметпен айналысу құқығы лицензиясының көшірмесі (жеке нотариустар үшін) немесе «Е-лицензиялау» мемлекеттік мәліметтер базасы арқылы алынған электронды лицензияның көшірмесі;
- 8) кәсіби медиаторлар үшін – медиаторларды дайындау бағдарламасы бойынша оқудан өткенін растайтын сертификаттың көшірмесі (кәсіби медиаторлар үшін);
- 9) ҚР бейрезиденті үшін - егерде басқасы Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттармен қарастырылмаса, жеке тұлға-бейрезидент Қазақстан Республикасы аумағына кіру, шығу және болу құқығына Қазақстан Республикасы уәкілетті органдарында тіркелгендігін куәландыратын құжат.

- 10) Банк үлгісі бойынша клиенттің толтырылған Сауалнамасы;
- 11) Рұқсат (клиенттің қызметі лицензиялау немесе Қазақстан Республикасының «Рұқсаттар және мәлімдемелер туралы» Заңына сәйкес рұқсат ісшарада іске асырылып жатса);

Шетелдік дипломатиялық және консулдық өкілдіктер үшін:

- 2) қол үлгілері бар құжат (1 дана);¹
- 3) дипломатиялық және консулдық өкілдіктерді тіркеу туралы нота көшірмесі;
- 4) бейрезидентті салық төлеуші ретінде тіркеу туралы тіркеуші куәлік²;
- 5) қол үлгілері бар Құжатқа және мөр баспа-таңбаға сәйкес, клиенттің ағымдағы шотын жүргізумен (ағымдағы шоттағы ақшаны жұмсау) байланысты операцияларды іске асырғанда төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғаны (тұлғаларды) куәландыратын құжат².
- б) Банк формасы бойынша клиенттің толтырылған Сауалнамасы.

Таратылған банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, оның филиалдары, ерікті жинақтау зейнетақы қорлары үшін:

- 1) қол үлгілері бар құжат (1 дана);¹
- 2) бизнес-сәйкестендіруші нөмірі бар құжат²;
- 3) банкті, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату туралы жалпы акционерлер жиналысының немесе сот шешімінің көшірмесі;
- 4) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің таратылу комиссиясын белгілеу туралы шешімінің көшірмесі;
- 5) банктік немесе басқа операцияларды жүргізуге лицензиясынан немесе сақтандыру қызметін (қайта сақтандыру жөніндегі қызмет) іске асыру құқығынан айыру туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі шешімінің көшірмесі;
- б) Банк үлгісі бойынша клиенттің толтырылған Сауалнамасы.

Уақытша жинақ шотын ашу үшін:

- 1) қол үлгілер бар құжат;
- 2) құралатын заңды тұлғаның уақытша жинақ шотын ашуға және жабуға уәкілетті жеке тұлғаны тағайындау туралы құрылтайшылардың протоколы және оның тұлғасын куәландыратын құжат²;
- 3) қол үлгілері бар Құжатқа сәйкес, уақытша жинақ шоты жүргізумен байланысты операцияларды іске асырғанда төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғаны (тұлғаларды) куәландыратын құжаттың (құжаттардың) көшірмесі.

Клиенттің атынан оның өкілі әрекет еткен жағдайда:

- 1) клиент өкілдері үшін – Қазақстан Республикасының резиденттері:
 - тұлғаны куәландыратын құжат;
 - клиент атынан ақшалармен байланысты және (немесе) басқа мүліктермен байланысты операцияларды іске асыруға, оның ішінде клиенттің құжаттарына қол қоюға клиент өкілінің уәкілеттілігін растайтын құжаттар;
- 2) клиент өкілдері үшін –Қазақстан Республикасының бейрезиденттері
 - тұлғаны куәландыратын құжат;
 - клиент атынан ақшалармен байланысты және (немесе) басқа мүліктермен байланысты операцияларды іске асыруға, оның ішінде клиенттің құжаттарына қол қоюға клиент өкілінің уәкілеттілігін растайтын құжаттар;
 - Егерде басқасы Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттармен қарастырылмаса, жеке тұлға-бейрезидент Қазақстан Республикасы аумағына кіру, шығу және болу құқығына Қазақстан Республикасы уәкілетті органдарында тіркелгендігін куәландыратын құжат. Тұлғаны куәландыратын құжат ретінде шетел төлқұжатын ұсынған жағдайда, онда визаның нөмірі, беру күні, қолданылу мерзімін көрсететін белгі болуы тиіс (Қазақстан Республикасына визасыз тәртіпте кіретін мемлекет азаматтарынан басқа). Егерде өзгелер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттармен қарастырылмаса, Қазақстан Республикасына визасыз тәртіпте кіретін мемлекет азаматтары нөмірін, беру күнін, қолданылу мерзімін көрсетумен көші-қон карточкасын көрсетуі тиіс.

Қосымша! Банк тиісті тексерісті іске асыру үшін, Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге құжаттарды сұрауға құқылы.